



# Химиялық қару

Бақытгереева Айнұр

201-фармация

□ Химиялық қару— бұл қорғаусыз адамдар мен жануарларды жаппай улауға, ауаны, аумақты, азық-түлік өнімдерін, жануарлар азығын, суды және техниканы және басқа да объектілерді ластауға арналған арнайы синтезделген уландыру қасиеті жоғары химиялық қосындылар. Басқа сөзбен айтқанда ҚЗ – химиялық қару-жарақты жарақтандыру үшін қолданылатын улы қосылыстар. Химиялық қару – бұл химиялық хаттардың улағыш қасиеттеріне негізделген заманауи зақымдау құралдары. Химиялық қарудың басқа компоненттері ҚЗ әскери қолдану құралдары (тасымалдағыштар, сонымен қатар ҚЗ мақсатқа жеткізу үшін қолданылатын аспаптар мен қондырғылар) болып табылады.



## □ ҚЗ клиникалық-уландыру топтамасы аса көп таралған:

- нервтік-паралитикалық әрекет ететін ҚЗ – зарин, зоман, VX (Ви — Икс).
- теріні жарақаттай отырып әсер ететін ҚЗ – иприттер және люизит;
- жалпылай уландыратын ҚЗ – синильдік қышқыл, хлорциан;
- тұншықтырғыш ҚЗ – фосген, дифосген;
- тітіркендіргіш ҚЗ – өзіндік тітіркендіргіштер (стерниты – адамсит), жасауратқыш тітіркендіргіштер (лакриматорлар – хлорпикрин), жасауратқыш және үйлескен тітіркендіру әсерін тигізетін CS (Си — Эс) и CR (Си — Эр) типті болып бөлінеді;
- психологиялық әсер ететін ҚЗ – BZ (Би — Зет);
- нейротроптық әсер ететін ҚЗ – энтеротоксиндер (А ботулиникалық типті А және В стафилококктік типті В).

```
graph TD; A[уақытша әсер ететін – тітіркендіргіш әсер етуші ҚЗ.] --> D((Тактикалық топтама бойынша ҚЗ әскери мақсатта қолданылуына қарай 3 топқа бөледі:)); B[өлімге душар етіп әсер етуші – ҚЗ нервтік-паралитикалық, теріні жарақаттағыш, жалпы уландырғыш және тұншықтырғыш әсер ететін.] --> D; C[Дезорганиздеуші – психикалық әсер етуші ҚЗ.] --> D;
```

уақытша әсер ететін –  
тітіркендіргіш әсер  
етуші ҚЗ.

өлімге душар етіп әсер  
етуші – ҚЗ нервтік-  
паралитикалық, теріні  
жарақаттағыш, жалпы  
уландырғыш және  
тұншықтырғыш әсер  
ететін.

Дезорганиздеуші –  
психикалық әсер етуші  
ҚЗ.

Тактикалық  
топтама бойынша  
ҚЗ әскери  
мақсатта  
қолданылуына  
қарай 3 топқа  
бөледі:

□ Адам организміне әсерінің сипатына қарай УЗ былай сараланады:

□ 1) жүйке жансыздандыратын;


□ 2) теріні іріңдеткіш;

□ 3) жалпы улы әсерлі;

□ 4) психохимиялық;

□ 5) тітіркендіргіш;

Зарин- түссіз не сарғыш зат. Иісі жоқ, қыста қатпайды. Қай қатынаста болсын сумен, органикалық еріткіштермен араласады, майларда жақсы ериді.



**Иприт** – аздап сарғыш не қара – қоңыр, сарымсақ, не қыша иісі шығып тұратын, органикалық еріткіштерде жақсы, суда нашар еритін сұйық. Иприт төңіректі жазда 2 тәулікке дейін, қыста 2 – 3 апта зақымдай алады.





**Фосген** – түссіз газ, ауадан 3,5 есе ауыр, қызған шөп не шіріген жеміс иісі шығып тұрады. Суда нашар ериді және онда тез ыдырайды. Ұрыстық күйі – бу. Төңіректегі тұрақтылығы 30-50 минут, орлар мен сайларда 2-3 сағатқа дейін тұрып қалуы мүмкін



**Синил қышқылы** – түссіз, тез буланатын ащты бадам иісті сұйық.  
Бұл ұрыстық улағыш зат ежелден қолданылады. Мәселен, Наполеон соғыстары кезінде оны артиллерия снарядтарына құймақ болған.



□ **Химиялық қарудан қорғану** — әскер мен халықты химиялық қару әсеріне ұрындырмау немесе бұл әсерді барынша бәсендету, әскерлердің ұрыс кабілеттілігін сақтау және олардың жауынгерлік міндеттерін сәтті орындауын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін арнайы шаралар жүйесі. Химиялық қарудың әсерін барынша әлсірету мақсатында жүргізілетін шараларға: әскерлер мен халықты қарсыластың химиялық қару аңғандығы туралы дәл уақытында хабарлау мен ескерту, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын қолдану, емдік және санитариялық-гигиена шаралары, жарақат алғандарға алғашқы медициналық және өзіндік көмек көрсету, химиялық қару қолданудың салдарын жою шаралары жатады.

